**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Заң факультеті**

**Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы**

# ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Пән: ЕР 2207, ЕР 2208, ЕР 2209, ЕР 2210 Экологиялық құқық**
**6В04205 «Құқықтану», 6В04202 «Мемлекеттік қызмет», 6В04203 «Кеден ісі», 6В04204 «Қаржы құқығы» білім беру бағдарламалары**
**Курс – 2**
**Семестр – 3**
**Кредит саны – 5**
**Білім беру нысаны - күндізгі**

**Алматы, 2025 ж.**

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырған – PhD, аға оқытушы Рашева Г.К. 6B04205 «Құқықтану», 6B04202 «Мемлекеттік қызмет», 6B04203 «Кеден ісі», 6B04204 «Қаржы құқығы» білім беру бағдарламалары негізінде жасалынды.

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.
№ 21 Хаттама «24» маусым 2025 ж.
Кафедра меңгерушісі, з.ғ.д., профессор ____________ Г.А. Куаналиева

Білім беру және оқыту сапасы бойынша академиялық комитетпен мақұлданды.
№ 11 хаттама «25» маусым 2025 ж.
Төрайымы _____________ А.А. Урисбаева

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды.
№ 10 хаттама «26» маусым 2025 ж.
Ғалым хатшы _____________ Г.М. Атаханова

# Кіріспе

6В04205 «Құқықтану», 6В04202 «Мемлекеттік қызмет», 6В04203 «Кеден ісі», 6В04204 «Қаржы құқығы» білім беру бағдарламаларын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтихан - қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу бағдарламаларына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу бағдарламасында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды кайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Аппеляция беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент университет бұйрығымен қайтадан оқуға тіркеледі, егер емтиханнан 25 - 49 балл алса онда қайта тапсыру FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексерістен өтіп бекітіледі. Биылғы оқу жылының ерекшеліне байланысты БП МК циклындағы пәндер Универ жүйесінде тест тапсыру арқылы қабылданады. Тест сұрақтары нұсқаулықпен бекітілген үлгідегі үш деңгейдегі осы оқу жоспарындағы тақырыптармен қамтылған 200 сұрақтан 1,2,3 дұрыс жауаппен құрылған.

**Емтиханға дайындықтың негізгі тақырыптары**

**Тақырып 1. Экологиялық құқықтың түсінігі, пәні және жүйесі. Экологиялық құқықтық қатынастар**

1. Мемлекеттің экологиялық функциясы.

2. Қоршаған табиғи орта құқық объектісі ретінде. Экологиялық құқықтың түсінігі.

3. Экологиялық қатынастардың жалпы сипаттамасы. Экологиялық **қатынастардың түрлері.**

**4. Экологиялық құқық катынастардың субъектілері және объектілері.**

**Тақырып 2. Экологиялық құқықтың даму тарихы және қайнар көздері.**

1. Экологиялық құқықтың пайда болуы, өркендеуі және болашағы. Табиғат қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану туралы республикалық заңдылықтардың негізгі даму кезеңдері.

2. Экологиялық құқықпен табиғат қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану туралы заңдардың ара катынасы.

3. Экологиялық құқықтың қайнар көздерінің түсінігі, ерекшіліктері және классификациясы.

**Тақырып 3.** Табиғат объектілеріне меншік құқығы.

1. Табиғат объектілеріне мемлекеттік меншік құқығының түсінігі және жалпы сипаттамасы. Құқықтық қорғау объектілері мен мемлекеттік меншік құқығының арақатынасы. 2. Мемлекет – табиғат объектілеріне меншік құқығының субъектісі. Қазақстан Республикасының Парламенті, жергілікті өкілді және атқарушы органдары мен олардың табиғат объектілеріне меншік құқығын іске асыру жөніндегі өкілеттігі. Табиғат объектілеріне меншік құқығының мазмұны және қорғалуы. Табиғи ресурстарға жеке меншік құқығының түсінігі және жалпы сипаттамасы. Табиғи ресурстарға меншік құқығының мазмұны. Табиғи ресурстарға жеке меншік құқығының объектілері мен субъектілері. Табиғи ресурстарға жеке меншік құқығының пайда болу, өзгертілу және тоқтатылу негіздері

**Тақырып 4.** Табиғатты пайдалану құқығы.

**Табиғат пайдалану құқығының түсінігі. Табиғат пайдалану құқығының қағидалары және негізгі белгілері. Табиғат пайдалану құқығының түрлері, объектілері және субъектілері. Табиғатты жалпы және арнайы пайдалану.**

**Табиғат пайдалану құқығының мазмұны.**

**Тақырып 5. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік құқықтық реттеу тетігі**

Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың түсінігі мен қызметі. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалпы сипаттамасы мен түсінігі. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқаратын жалпы және арнайы органдар.

**Тақырып 6. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік құқықтық басқару**

Шаруашылық және өзге қызметке қойылатын экологиялық талаптар. Табиғи ресурстардың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастрлары. Экологиялық бақылаудың түрлері мен міндеттері. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің түісінігі мен құрамдас элементтері. Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістері.

**Тақырып 7-8. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалпы сипаттамасы мен түсінігі.**

**Экологиялық қауіпсіздік түсінігі мен сипаттамасы.** Экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы.

ҚР экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде халықаралық-құқықтық актілердің рөлі.

Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың түсінігі мен түрлері.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекттік органдардың құзыреті.

Жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктердің экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтары мен міндеттері.

Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтары

**Тақырып Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануды экономикалық реттеу**

Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістері. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жоспарлау мен қаржыландыру. Қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу. Экологиялық мониторингті жүзеге асырудың тәртібі. Экологиялық аудиттің құқықтық жағдайы.

**Тақырып 9. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік**

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің жалпы сипаттамасы. Экологиялық құқық бұзушылықтың түсінігі мен құрылымы. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің түрлері. Экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік. Экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік.

**Тақырып 10. Жердің экологиялық-құқықтық режимі және оларды қорғау**

Жер ресурстарының жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасының Жер кодексі және жер туралы басқа да заңдылықтар. Жер заңдарының міндеттері мен қағидалары. Жер қорының түсінігі және оның жекелеген санаттарының құқықтық режимі. Мемлекеттік органдардың жер қатынастарын реттеу саласындағы құзыреттері. Жерге мемлекеттік меншік құқығының мазмұны. Жерге жеке меншік құқығының түсінігі мен объектілері.

**Тақырып 11. Жер қойнауының экологиялық-құқықтық режимі және оларды қорғау**

Жер қойнауының құқықтық режимі. Жер қойнауының, пайдалы қазбалардың құқықтық жағдайының түсінігі мен жалпы сипаттамасы. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңы және жер қойнауын ұтымды пайдалануы мен қорғауды қамтамасыз ететін басқа да зандар. Жер қойнауы мен басқа да пайдалы қазбаларды ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік-құқықтық механизмі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер қойнауы қорының түсінігі мен құрамы және оның жеке бөліктерінің құқықтық режимі. Жер қойнауына меншік құқығы және оны іске асыру нысандары.

**Тақырып 12. Судың экологиялық-құқықтық режимі және оларды қорғау .**
**Орманның экологиялық-құқықтық режимі және оларды қорғау.**

Судың құқықтық режимінің түсінігі мен жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасының Су кодексі және суларды ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін басқа да заңдар. Қазақстан Республикасы су заңдарының мақсаттары мен міндеттері. Қазақстан Республикасы су қорының түсінігі мен құрамы және оның жеке бөліктерінің құқықтық режимі. Суды ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік-құқықтық механизмі.

**Тақырып 13. Жануарлар дүниесінің экологиялық-құқықтық режимі және оларды қорғау.**

Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимінің түсінігі мен жалпы сипаттамасы. Жануарлар дүниесін ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік құқықтық механизмі. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңы жене осы саладағы басқа да заңдар. Жануарлар дүниесіне меншік құқығы және оны жүзеге асыру нысандары. Аң аулау және аң аулау шаруашылығын жүргізуді құқықтық реттеу.

**Тақырып 14. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құқықтық реттеу. Ерекше қорғалатын табиғи объектілерінің түсінігі және құрамы.**

Қызыл Кітап және айналадағы табиғи ортаны қорғаудағы маңызы. Курорттардың және басқа емдеусауықтыру аймақтардың құқықтық режимі. Қорықтардың құқықтық режимі. Заказниктердің құқықтық режимі. Табиғат ескерткіштерінің құқықтық режимі. Табиғи ұлттық парктердің құқықтық режимі. Ботаникалық бақтардың, дендрологиялық және зоологиялық парктердің, тарихи-табиғи және мемориалдық парктердің құқықтық режимі.

**Тақырып 15. Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғау.**

Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғаудың түсінігі және жалпы сипаттамасы. Халықаралық табиғатты қорғау объектілері мен субъектілері. Табиғи ортаны қорғау саласындағы халықаралық келісімдер, конвенциялар, шарттар, қоршаған ортаны қорғаудың халықаралық мемлекеттік-құқықгықмеханизмі. Қоршаған ортаны халықаралық қорғауға Қазақстан Республикасының қатысу нысандары.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі / / **«Әділет» АҚЖ сайтында Электрондық ресурс ретінде қолжетімді: http://adilet.zan.kz/rus/docs/K030000442;**
2. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 212 Экологиялық кодексі. //

«Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: http://adilet.zan.kz/rus/docs/K070000212;

3. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 212 Салық кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: http://adilet.zan.kz/rus/docs/K070000212;

4. Еркінбаева Л.К., Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. Жалпы және ерекше бөлім: оқу құралы - Алматы : Жеті Жарғы, 2015. - 326 б

5. Айгаринова А.Т., Джангабулова А. К. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Жалпы және ерекше бөлім: оқу құралы - Әл - Фараби атындағы. Қазақ ұлттық ун-ті. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 447 б

**5.** Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасында жерді құқықтық қорғау. Оқулық. Алматы, Қазақ университеті 2024 жыл.

**Интернет-ресурстар: Оқу материалы-дәріс тезистері Жерге құқықтарды мемлекеттік тіркеуді құқықтық реттеу, сондай-ақ үй тапсырмаларын, жобаларды, СӨЖ орындау үшін қажетті оқу-әдістемелік материал сіздің сайтыңыздағы бетте қол жетімді www.univer.kaznu.kz. ПОӘК бөлімінде.**

## Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:

1 **Экологиялық құқық** пәні бойынша қорытынды бақылау (емтихан)

2- курс күндізгі бөлім студенттері үшін, univer.kaznu.kz жүйесінде тест түрінде өтеді. Барлық нұсқаулар univer.kaznu.kz басты бетіне жүктелген. Тест қабылдау барысы – автоматты прокторинг жүйесімен бақыланады, проктор немесе оқытушының қадағалауымен (егер прокторинг болмаса). Прокторинг технологиясы (ағылш. «proctor» – емтихан барысын бақылау).

**1. Маңызды** – емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізілед, ол туралы алдын ала оқытушылар мен студенттерге мәлім болуы керек.

**2.** Аттестациялық ведомостқа қорытында баға тест аяқталғаннан кейін автоматты түрде түседі:

Балл қою уақыты - 48 сағатқа дейін. Онлайн прокторинг режимі бойынша тексеру жүргізу барысында балл қою уақыты ұзартылуы мүмкін.

**3.** Тестің түрі - көптік таңдау 1,2,3 дұрыс жауаппен.

**4.** Univer АЖ тест сұрақтарының саны – 40 сұрақтан келеді. 1 мүмкіндік беріледі. Тестің өту уақыты- 90 минут.

**5.** Univer АЖ тест сұрақтары- автоматты түрде генерацияланады.

**6.** Univer АЖ тест сұрақтарын дұрыс жауаптың кілттері арқылы автоматты түрде тексереді.

**7.** Студент емтиханға кіруге 30 минут бұрын дайындалуы керек. Ол прокторингтің талабы.

**8.** Тест қорытындысы прокторинг нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

**9.** Студент емтиханның өтуіне байланысты қосымша нұсқаулықтар мен ережелерді мына сілтемелер арқылы қарай алады.

**Бағалау саясаты:**

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиторияда жұмыс белсенділігін және қатысуын бағалау; орындалған тапсырманы, СӨЖ-ді (жоба / кейс / бағдарлама/...) бағалау. Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі: $\frac{РК1+РК2}{2} \cdot 0,6 + ИК \cdot 0,4$. Мұнда АБ(РК) – аралық бақылау; ҚБ(ИК) – қорытынды бақылау (емтихан).

Бағалау шкаласы силлабуста беріледі:

| Әріптік жүйе бойынша баға | Сандық эквивалент | Балдары (%-дық көрсеткіші) | Дәстүрлі жүйе бойынша баға |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D- | 1,0 | 50-54 | |
| FX | 0,5 | 25-49 | Қанағаттанарлықсыз |
| F | 0 | 0-24 | |